

**«Алмажан+» жеке балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің №3
жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «11» наурыз 2025жыл

Өткізілген орны Балабақша ғимараты

Төрағасы : Казиева А.Н.

Хатшысы: Маренова А.Н.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 4 адам, балабақша меңгерушісі
А.Н.Мухамбетжанова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1 Наурызнаманы мерекелеуге дайындық ұйымдастыру және өткізу.
- 2 МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Таза Қазақстан» акциясын ұйымдастыру.

ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:

1 Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды Тәрбие ісінің меңгерушісі А.Н.Мухамбетжанова сөз алып Наурызнаманы мерекелеуге дайындық барысы туралы баяндады. Ол ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін мәдени шаралардың жоспарымен таныстырып балаларға арналған мерекелік бағдарламалар мен топтарды ұлттық нақышта безендіру жұмыстарын ортаға салды.

Сөз сөйледі Ата-ана Нұрғалиева Жанар Жангелдіқызы Наурызнама мерекесін жоғары деңгейде өткізу үшін ата-аналар тарапынан ұлттық киімдер мен көрнекіліктерді дайындауға толық қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Наурызнаманы мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары мақұлдансын мерекелік бағдарламаларды ұйымдастыру тәрбиешілер мен ата-аналар комитетіне жүктелсін.

2 Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Н.Мухамбетжанова көктемгі маусымның басталуына байланысты балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының маңыздылығын алға тартты. Ол аулаға тал егу гүлзарлар отырғызу жұмыстарына еріктілерді тартуды белсенді қатысуды ұсынды.

Сөз сөйледі: Кеңес мүшесі Ханов Шохан Уалиханович балабақша ауласын жасыл желекке айналдыру балалардың денсаулығы мен экологиялық тәрбиесі үшін пайдалы екенін айтып сенбілік күндерін белгілеуді және ерікті ата-аналарды жұмылдыруды қолдады.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының жоспары бекітілсін. Жасыл табиғат аясында еріктілер тобы құрылып тиісті жұмыстар ұйымдастырылсын.

3 Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Жиналыс төрағасы мектеп жасына дейінгі балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Таза Қазақстан» акциясы шарасын ұйымдастыру туралы сөз қозғады. Бұл шараның мақсаты балаларды кішкентайынан табиғатты аялауға қоршаған ортаны таза ұстауға баулу және отбасылық құндылықтарды нығайту екені айтылды.

Сөз сөйледі: Ата-ана Ізмағанбетова Әлия Шектібайқызы алалармен бірге тазалық акциясына қатысудың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтіп, қызықты ойын нысанында өткізуді ұсынды.


ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: Балалар мен ата-аналарға арналған «Таза Қазақстан» акциясы шарасын өткізу уақыты белгіленсін және оны ұйымдастыру шаралары кеңес мүшелерімен бірлесіп атқарылсын.


4 Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды: Меңгерушісі А.Н.Мухамбетжанова балабақшада Кітап оқуды ұйымдастыру және өткізу бағдарламасы туралы баяндама жасады. Ол балалардың сөздік қорын дамыту және кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында әр топта заманауи әрі тартымды кітап бұрыштарын жабдықтап жаңарту қажеттілігін атап өтті.

Сөз сөйледі Кеңес мүшесі Ханов Ш.У.топтардағы кітап бұрыштарын көркем және ертегі кітаптармен толықтыру үшін ата-аналар арасында Кітап сыйла акциясын өткізуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ Балабақшада Кітап оқу жобасын іске асыру шаралары мақұлданып топтардағы кітап бұрыштарын жабдықтау және толықтыру жұмыстары қолға алынсын.

Жиналыс төрағасы:  Казиева А.Н.

Хатшысы:  Маренова А.Н.

